



"Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 1102 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 658 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 27-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекітілсін.

2. Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Ұлттық жобаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Ұлттық жобаның орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1102 қаулысымен
бекітілген

"Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы

Ескерту. Ұлттық жоба жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2025 № 1175 қаулысымен.

1. Паспорт

1.	Атауы	"Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы
1	2	3
		Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық

2.	Әзірлеу үшін негіз	оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша бақылауды бекітудің 27-тармағы
3.	Ұлттық жобаны әзірлеудің мақсаты	Халыққа коммуналдық қызметтерді сенімді әрі сапалы көрсетуді және ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды (желілер мен объектілерді) жаңғырту
4.	Іске асыру мерзімі	2025 – 2029 жылдар
1	2	3
5.	Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушылар үшін пайда	Қазақстан Республикасының энергетикалық және коммуналдық секторларын жаңғырту
6.	Күтілетін экономикалық әсер (сапа мен сан түрінде)	Энергетикалық және коммуналдық секторлардың қолданыстағы активтерін жаңғырту және жаңарту, оның ішінде: кемінде 200 табиғи монополиялар субъектісі; кемінде 30 жылу электр орталығы
7.	Күтілетін әлеуметтік әсер (сапа мен сан түрінде)	Авариялар деңгейін 20 %-ға төмендету, энергетикалық және коммуналдық активтердің тозу деңгейін ел бойынша орта есеппен 40 %-ға дейін төмендету
8.	Ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі	Барлық инвестиция – 13588 млрд теңге, оның ішінде: энергетикалық сектор – 6208 млрд теңге; коммуналдық сектор – 6778 млрд теңге; автоматтандыру және аспап орнату – 602 млрд теңге. 2025 – 2029 жылдар кезеңінде барлық субсидия 1480 млрд теңге, одан әрі сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің 10 %-дан жоғары айырмасы қарыз мерзіміне байланысты субсидияланады
9.	Ұлттық жобаны әзірлеушінің атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

10.	Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (келісу бойынша) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамы (келісу бойынша)
11.	Ұлттық жобаның жетекшісі және кураторы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Алдабергелұлы Бозымбаев Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев

2. Ағымдағы жағдай

Елдің коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымы желілердің тозуының жоғары деңгейіне және технологиялық тұрғыдан ескірген жабдықтарға байланысты елеулі сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр, бұл ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына алып келеді және халықтың тұрмыс сапасы мен экономиканың орнықтылығына теріс әсерін тигізеді.

Аталған проблемаларды шешу үшін ескірген желілерді жаңғырту мен ауыстыруды, инфрақұрылымды жаңартуға инвестиция тартуды, ресурстарды басқаруды оңтайландыру үшін заманауи цифрлық және энергия тиімді технологияларды енгізуді қамтитын кешенді тәсіл қажет, бұл елдегі жалпы жағдайды жақсартуға ықпал етеді және оның орнықты дамуын қамтамасыз етеді.

Жылумен жабдықтау

Қазақстанның жылу желілері айтарлықтай тозған. Орта есеппен тозу деңгейі 52 %-ды құрайды, бұл жылудың көп ысырап болуына және авариялардың жиі болуына алып келеді. Жылумен жабдықтау жүйесі еліміздің қалалары мен елді мекендерінің шамамен 60 %-ын қамтиды, ал желілердің жалпы ұзындығы шамамен 13 мың километрді құрайды, оның 11 мың километрге жуығы коммуналдық меншікте, 2 мың километрге жуығы жеке меншікте. Инфрақұрылымның басым бөлігінің жай-күйі заманауи талаптарды қанағаттандырмайды, мұның өзі жүйенің сенімділігін нашарлатады және жылу беру тиімділігін төмендетеді. Жылудың қазіргі ысырабы ескі және зақымдалған желілерге байланысты одан әрі өсуде, бұл бюджеттерге айтарлықтай ауыртпалық түсіреді және тұтынушылар үшін көрсетілетін жылу қызметтерінің құнын арттырады.

Негізгі жабдықтың өте тозуының нәтижесінде жылу энергиясы көздерінде орын алатын жылу энергиясының тапшылығы жылумен жабдықтау жүйелері сенімділігінің, сапасының бұзылуына және іркіліссіз жұмыс істеуіне айтарлықтай қауіп тудырады.

Ұлттық жоба шеңберінде 1622 км тозған желіні ауыстыру мен реконструкциялауды, электр және жылу энергиясын бірлесіп өндіруді жүзеге асыратын энергетикалық объектілерді қосу үшін жаңа желілер салуды, сондай-ақ жылумен жабдықтау көздеріндегі жылу қуаттарының жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды және жаңаларын іске қосуды қоса алғанда, жылу желісінің инфрақұрылымын ауқымды жаңартуға бағытталған шаралар кешені көзделеді. Бұл іс-шаралар жылу энергиясы көздерінің және жылу желілерінің тозу деңгейін едәуір төмендетуге, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, жылуды жеткізгенде оның шығын болуын азайтуға және ел ішінде жылумен қамту аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру жүйенің тиімділігін арттыру үшін автоматты түрде мониторингілеу және басқару жүйелері сияқты заманауи технологияларды ендіруді де, сондай-ақ құбыр төсеу үшін жаңа материалдарды пайдалануды да көздейді, бұл пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді.

Сонымен қоса жеке инвестицияларды тарту және инфрақұрылымды жаңғыртуға жеке компаниялардың қатысуын ынталандыратын тетіктерді әзірлеу Ұлттық жобаның маңызды элементі болып табылады, бұл процесті жеделдетуге және мемлекеттік бюджетке қаржылық жүктемені азайтуға көмектеседі. Желілерді жаңғыртумен қатар мамандардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады, бұл жобаларды іске асыруды жеделдетеді және олардың сапасын жақсартады.

Осы Ұлттық жобаның аса маңызды болуына қарамастан, ол орындалмаған немесе кешіктірілген жағдайда орын алуы мүмкін бірнеше қауіп бар. Біріншіден, тозған жылу желілерін пайдалануды жалғастыру авариялардың артуына алып келеді, бұл жылумен жабдықтаудың сапасына тікелей әсерін тигізеді. Аварияның жиі болуы қаржылық және әлеуметтік қосымша жүктеме тудырады, сонымен қатар шұғыл жөндеуге қосымша

шығын жұмсауды қажет етеді. Екіншіден, жылу ысырабының жоғары болуы отынның тұтынылуын ұлғайтады, бұл түпкілікті пайдаланушылар үшін тарифтердің өсуіне және энергия жүйесіне жүктеменің артуына алып келеді.

Ұлттық жоба орындалмаған жағдайда жекелеген өңірлер, әсіресе ауылдық және шалғайдағы аудандар ескірген және тиімсіз жылу желілерімен қалатын жағдай туындауы мүмкін, бұл бүкіл ел бойынша жылумен жабдықтаудың қолжетімділігі мен сапасы деңгейінің біркелкі болмауына алып келеді. Мұның өзі әлеуметтік теңсіздікті күшейте түседі және халықтың наразылығын тудыруы мүмкін.

Бұған басқа, жаңғырту процесін тежеу энергия үнемдеу және экологиялық тұрақтылық саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттемелердің орындалуына қауіп төндіреді. Жаңғырту жөніндегі іс-шаралардың уақтылы орындалмауы көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту және елдегі жалпы энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуді қиындатуы мүмкін.

Осы тәуекелдерді барынша азайту үшін жобаны үнемі жоғары деңгейде қаржыландыруды, әкімшілік және технологиялық қиындықтарды уақтылы шешуді, сондай-ақ жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде төлем тәртібін жоғарылату және қолдау үшін халықпен түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Электрмен жабдықтау

Қазақстанның энергетикалық жүйесі инфрақұрылымның тозу деңгейі жоғары болуына байланысты елеулі сын-қатерлерге тап болып отыр. Елдің электр желілерінің жалпы ұзындығы шамамен 470 мың километрді құрайды, оның 27 мың километрі ұлттық маңызы бар желілерге жатады. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша электр станцияларындағы негізгі жабдықтардың тозуы 56,8 %-ға жетті, бұл ретте станциялардың үштен бірінен астамы 70 – 90 % шегінде тозған. Тозудың ең жоғары деңгейі ЖЭО мен МАЭС-терде байқалады. 14 электр станциясында 80 %-дан астам тозу тіркелген, ал 21 электр станциясында тозу көрсеткіші 60 %-дан 80 %-ға дейін жетеді. Бұл авариялардың артуымен тікелей байланысты, себебі авариялардың көбі тозуы 80 %-дан асатын станцияларда болады.

ӨЭК жағдай да күрделі болып қалуда. 6 ӨЭК тозу деңгейі аса жоғары (85 – 97 %), 6 компанияның тозу деңгейі жоғары (65 – 85 %), бұл энергиямен жабдықтаудағы авариялар мен бұзылу қаупін арттырады. 2023 жылы 28497 технологиялық бұзылу, оның ішінде 23 авария тіркелді. Олардың көбі ескі және тозған желілерде болды, бұл жылдам арада жаңғырту қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар реактивті қуатты тұтынатын асинхронды электр қозғалтқыштары мен трансформаторлар энергия жүйесіне айтарлықтай жүктеме түсіреді, бұл желілерге жүктемені арттырады және олардың тиімділігін төмендетеді.

Энергиямен жабдықтаудың орнықтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін энергетикалық инфрақұрылымды ауқымды жаңғыртуды жүргізу қажет. Бұл тозған

элементтерді заманауи элементтерге ауыстыруды, желілердің өткізу қабілетін арттыруды және тұтынушыларды анағұрлым жоғары кернеу деңгейлеріне ауыстыруды қамтиды. Жаңғырту электр станцияларын жаңартуды, қолданыстағы қуаттардың жұмыс тиімділігін арттыруды, сондай-ақ желілердің бір бөлігін кернеуі 10 киловольт электр беру әуе желілеріне ауыстыруды қамтиды, бұл электр энергиясының ысырабын азайтуға және сенімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Реактивті қуат мәселесін шешу де маңызды қадам болады. Тарату желілеріндегі шығынды азайтуға және бүкіл энергетикалық жүйенің тиімділігін арттыруға компенсаторлық құрылғыларды қолдана отырып реактивті қуатты өтеу көмектеседі. Қосалқы станцияларды жаңарту қатар жүргізіледі, бұл электрмен жабдықтау сапасын жақсартуға және тозу деңгейі жоғары желілік учаскеге жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа аудандар мен жеке сектордағы тұтынушыларды анағұрлым жоғары кернеуге (10 киловольт) ауыстыруға ерекше назар аудару қажет, бұл жүктеменің артуын, оның ішінде электромобиль санының өсуі есебінен артуын тиімді еңсеруге көмектеседі. Бұл шешім электр энергиясын тұтыну артқан жағдайда тұрақты және сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Алдағы жаңғыртудың маңыздылығына қарамастан, егер жоба уақытында жүзеге асырылмаса, энергетикалық жүйе үшін тәуекелдер жоғары болады. Біріншіден, ескі және тозған электр желілерін пайдалануды жалғастыру аварияның және технологиялық бұзылудың көбеюіне алып келеді, бұл әсіресе қыс мезгілінде энергиямен жабдықтаудың тұрақты болуына әсерін тигізуі мүмкін. Желілерге шамадан тыс жүк түседі, бұл ажыратудың жиілеу қауіпіне және бүкіл энергетикалық жүйенің жұмысындағы тұрақсыздыққа алып келеді. Екіншіден, егер реактивті қуатпен байланысты проблемалар шешілмесе және қосалқы станцияларды жаңғырту жүргізілмесе, бұл электрмен жабдықтау сапасының төмендеуіне, электр энергиясы ысырабының артуына және пайдалану шығындарының өсуіне алып келеді. Инфрақұрылымды жаңартудағы қиындықтар түпкілікті тұтынушылар үшін электр энергиясының қымбаттауына алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар электромобиль санының, әсіресе Алматы және Астана сияқты ірі қалаларда экспоненциалды өсуі қазірдің өзінде шамадан тыс жүк түсіп отырған желілерге жүктемені арттырады. Жаңғырту жүргізілмесе, энергетикалық инфрақұрылым мұндай жүктемені тиімді еңсере алмайды, бұл кідірістер мен авариялық ажырату қауіпін тудырады.

Осылайша, жобаның орындалмауы орнықты даму мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық мақсаттардың орындалуын айтарлықтай қиындатуы мүмкін.

Осы тәуекелдерді барынша азайту үшін тиісті қаржыландыруды, жаңғыртуды жедел іске асыруды және инфрақұрылымды дамытуға жеке инвестициялар тартуды қамтамасыз ету қажет. Бұған қоса кадрлардың біліктілігін арттыру және жобаларды

басқаруды жетілдіру маңызды қадам болады, бұл процесті жеделдетуге және жұмыстарды орындау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сумен жабдықтау

Қазақстанда сумен жабдықтау жүйесі бүкіл ел бойынша инфрақұрылымның орта есеппен 40 %-ды құрайтын жоғары деңгейдегі тозуымен байланысты елеулі проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Елде ескірген су құбыры желілерінің саны көп, олардың көпшілігі отыз жылдан астам жұмыс істеп тұр. Елдегі су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 100 мың км құрайды, оның едәуір бөлігі күрделі жөндеуді немесе толық ауыстыруды қажет етеді. Кей өңірлерде су құбыры желілері мен сумен жабдықтау объектілерінің тозу деңгейі 50 %-дан асады, бұл судың ағып кетуіне және ысырап болуына ықпалын тигізеді, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендетеді.

Көптеген елді мекендерде, әсіресе шалғайдағы аудандар мен шағын қалаларда ауызсу тапшылығы, сондай-ақ судың сапасына байланысты проблемалар бар, бұл санитариялық нормалардың бұзылуына алып келуде. Сумен жабдықтау көбінесе судың химиялық және биологиялық құрамы жөніндегі стандарттарды бұзып жүзеге асырылады, бұл халық денсаулығына тікелей әсерін тигізеді.

Сонымен бірге қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізу 98,9 %-ды және ауылдарда 96,6 %-ды құрайды.

89 қалалық елді мекеннің ішінде 65 қаланың тұрғындары орталықтандырылған сумен 100 % қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ бүгінгі күні 6256 ауылдың 5130-ы сумен қамтамасыз етілген.

9 өңірде қала халқы сумен жабдықтау қызметтерімен 100 % қамтамасыз етілген.

Сумен жабдықтаудың ағымдағы проблемаларын шешу үшін Қазақстанда су құбыры желілері мен сумен жабдықтау объектілерін ауқымды жаңғырту көзделген. Ұлттық жоба аясында ескі және тозған су құбырларын ауыстыру, су жинау және тазарту құрылыстарын реконструкциялау, сондай-ақ ауылдық жерлерде және шалғай өңірлерде сумен жабдықтаудың жаңа объектілерін салу ұсынылады.

Сумен жабдықтауды жаңғырту су тазартудың заманауи технологияларын енгізуді, сумен жабдықтауды басқару процестерін автоматтандыруды, сондай-ақ су құбыры желілерін салу үшін инновациялық материалдарды пайдалануды қамтиды, бұл су ысырабын айтарлықтай азайтуға және пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ су сапасының мониторингі жүйесін жақсарту көзделіп отыр, бұл өзгерістерге жедел ден қоюға, экологиялық және санитариялық қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Егер сумен жабдықтауды жаңғырту жобасы толық көлемде іске асырылмаса, оның салдары ел үшін аса жағымсыз болуы мүмкін. Біріншіден, су құбыры желілерінің тозуы және уақтылы реконструкцияланбауы сумен жабдықтаудың сапасын одан әрі нашарлатады. Судың ысырап болуы ұлғая түседі, бұл оны қайта өңдеуге және

тасымалдауға қосымша шығындарды талап ете отырып, сумен жабдықтайтын мемлекеттік және жеке компаниялар үшін шығындарды арттырады. Екіншіден, су тазарту құрылыстарының жөнделмеуі және сумен жабдықтау жүйелерінің ескіруі санитариялық жағдайдың нашарлауына және судың ластануымен байланысты аурулардың таралуына алып келуі мүмкін. Желілер жаңғыртылмайтын шалғайдағы және ауылдық аудандарда таза ауызсудың жетіспеушілігі қауіп артады, бұл әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді және халықтың денсаулығына қауіп төндіреді.

Сумен жабдықтау инфрақұрылымының жаңғыртылмауы құбырлардың жарылуы мен сорғы станцияларының істен шығуына байланысты авариялық жағдайлардың көбеюіне де алып келеді, бұл сумен жабдықтауда іркіліс туғызып, әлеуметтік шиеленісті арттыра түседі. Ұзақмерзімді перспективада сапалы суға қолжетімділіктің болмауы тұрмыс сапасын жақсарту және елдің орнықты дамуы бойынша стратегиялық мақсаттарды орындауды қиындатуы мүмкін. 2023 жылы сумен жабдықтау жүйесінде 1459 технологиялық бұзушылық, оның ішінде сумен жабдықтау желілерінде 1049 бұзушылық орын алды.

Осылайша, осы тәуекелдердің алдын алу үшін Ұлттық жобаны уақтылы және толыққанды қаржыландыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке инвестицияларды тарту және жаңғырту бағдарламасын іске асыруға жергілікті биліктің белсенді қатысуы үшін тиімді тетіктер жасау қажет.

Су бұру

Бүгінгі күні су бұру жүйесінде кәріз желілерінің тым тозуы және КТҚ-ның қанағаттанарлықсыз жай-күйі мәселелері барынша өзекті күйінде қалып отыр. Елде су бұру желілеріне, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіптік аудандарда жүктеме көп, мұнда қолданыстағы жүйелер сарқынды су көлемінің ұлғаюына төтеп бере алмайды. Елдегі кәріз желісінің ұзындығы 17,6 мың км, желілердің орташа тозуы 56 %-ды құрайды бұл авариялардың жиі болуы мен сарқынды сулардың ағып кетуіне алып келеді.

Еліміздегі су бұру объектілері мен КТҚ-ның тозуы 50 %-дан астам маңызды мәнге жетіп отыр, ал кейбір объектілерде бұл көрсеткіш 70–80 %-дан асады. Осыған байланысты тазарту құрылыстарына, әсіресе ескі ғимараттарға түсетін жүктеме жоғары, бұл әсіресе халық тығыз орналасқан өңірлерде және өнеркәсіптік аймақтарда санитариялық нормалардың бұзылуына және экологиялық жағдайдың нашарлауына алып келеді.

Ескірген кәріз жүйелерінің, оның ішінде КТҚ тиімсіз жұмыс істеуі су айдындарының ластануына алып келеді, бұл экожүйе мен халықтың денсаулығына ауыр зардап тигізуі мүмкін. Сарқынды суды тазарту деңгейінің төмендігі және қолданыстағы су бұру объектілері қуатының жеткіліксіздігі бірқатар ірі қалаларда санитариялық орнықты жағдайды қамтамасыз ету үшін проблемаға айналуға.

Көрсетілген проблемаларды шешу үшін ұлттық жоба шеңберінде кәріз инфрақұрылымын ауқымды жаңарту және КТҚ жаңғырту көзделген. Ескі құбырларды

ауыстыру, қолданыстағы тазарту құрылыстарын заманауи технологияларды пайдалана отырып реконструкциялау және сарқынды суды тазартудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін қуаттарды кеңейту жоспарлануда.

Жобада қазіргі қуаттар ұлғайып отырған жүктемені көтере алмайтын аудандарда, әсіресе жылдам өсіп келе жатқан қалалар мен агломерацияларда су бұру және тазарту объектілерін жаңадан салу көзделген. Сарқынды суды тазартудың заманауи технологияларын қолдану тазарту процестерінің тиімділігін едәуір арттырады, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтады және санитариялық жағдайды жақсартады.

Жаңғыртудың түйінді аспектісі – КТҚ басқару процестерін автоматтандыруды, экологиялық таза технологияларды ендіруді және оларды өндеудің барлық кезеңдерінде сарқынды су сапасының мониторингін жақсартуды қамтитын инновациялық шешімдердің интеграциясы. Бұл су бұру объектілері жұмысының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ пайдалану мен қызмет көрсету шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Егер су бұру жүйесін, оның ішінде КТҚ жаңғырту жөніндегі жоба толық көлемде орындалмаса, ел үшін зардабы елеулі болуы мүмкін. Біріншіден, тозған және ескірген кәріз жүйелерін пайдалануды жалғастыру құбырлардың жарылуы және тазарту құрылыстарының толып қалуы сияқты авариялық жағдайлар санының ұлғаюына алып келеді. Бұл халықтың денсаулығына қауіп төндіреді, себебі тиісті тазалаудан өтпеген сарқынды су табиғи су айдындарына түсуі мүмкін, мұның өзі ауызсудың ластану және жұқпалы аурулардың таралу қаупін арттырады. Соңғы есепті жылы су бұру жүйесінде 296 технологиялық бұзушылық, оның ішінде желілерде 255 бұзушылық тіркелді. Екіншіден, КТҚ жұмысы тиімділігінің төмен болуы елдегі экологиялық жағдайды нашарлатуын жалғастырады. Сарқынды судың органикалық және химиялық ластағыш заттардан жеткілікті түрде тазартылмауы су айдындарының жай-күйінің нашарлауына, өзендердің, көлдердің және басқа да табиғи объектілердің ластануына әкеледі, бұл биоәртүрлілікке және халықтың тұрмыс сапасына әсерін тигізеді. Бұл экологиялық және санитариялық нормалардың орындалуын күрделендіріп, ластанудың салдарын жоюға қосымша шығын талап етуі мүмкін.

Бұған қоса су бұру және сарқынды суды тазарту объектілерін жаңғыртуды тежеу инфрақұрылым қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін өңірлерде әлеуметтік шиеленістің одан әрі ұлғаюына әкеп соғады. Бұл әсіресе сарқынды судың шоғырлануы жоғары ірі қалалар мен өндірістік орталықтарға қатысты. Егер жоба орындалмаса, денсаулық сақтау және экология жүйелеріне де жүктеме артуы мүмкін, себебі сарқынды суды тазарту және су бұру проблемалары қоршаған ортаның жай-күйі мен халықтың денсаулығына тікелей байланысты.

Осылайша, осы тәуекелдерді барынша азайту үшін су бұру жүйесін, оның ішінде КТҚ жүйесін жаңғырту жөніндегі жобалардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз

ету, жеке инвестицияларды тарту және жергілікті билік органдарының жұмысын жандандыру қажет.

Газбен жабдықтау

Қазіргі уақытта газбен жабдықтау жүйесінде жүйелі шешімді қажет ететін бірқатар проблемалар бар.

Бөлшек сауда сегментінде газ тұтынуды толық және анық есепке алудың болмауы түйінді проблемалардың бірі болып табылады, бұл айтарлықтай ысырап пен ресурстарды басқарудағы тиімсіздікке алып келеді. Қолданыстағы жүйе негізінен есепке алу құралдары көрсеткіштерінің ауызша берілуіне және үндестірілмеген деректерге негізделген, бұл газ теңгерімінде алшақтық туындатады, сонымен қатар тұтынуды бақылау мен талдауды қиындатады.

Бұдан басқа, абоненттік базаға қызмет көрсетуге және биллинг процестеріне жұмсалатын шығын жыл сайын ұлғаюда, бұл тұтынушылар санының өсуімен, қолеңбек режимінде басқарылатын операциялар ауқымына және ескірген ақпараттық жүйелерді үнемі сүйемелдеу қажеттігіне байланысты. Бұл ретте қолданыстағы тарифтерге көрсетілген шығыстардың бәрі бірдей енгізілмеген, бұл қосымша қаржылық жүктеме тудырады және газ тарату ұйымдарының орнықты жұмыс істеуін қиындатады.

Тауарлық газды ішкі тұтынудың ұлғаюы қосымша қауіп факторы болып табылады, бұл импортты талап етеді немесе экспорт көлемін төмендетуге алып келеді.

Осыған байланысты ұсынылатын шешім – газды цифрлық есепке алу жүйесін ендіру, бұл көрсеткіштерді автоматты түрде беруді, тұтынуды дәл және ашық есепке алуды, операциялық шығыстарды қысқартуды және халық пен ұйымдардың газды үнемді және ұтымды тұтынуы үшін негіз қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

ТМС жабдықтар мен желілердің тозу дәрежесіне байланысты тәуекел топтары бойынша жіктелуі

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде инфрақұрылымы едәуір деңгейде тозған ТМС олардың жабдықтары мен желілерінің жай-күйіне қарай тәуекел топтары бойынша жіктеледі. Бұл жөндеу және жаңғырту үшін басым бағыттарды тиімді анықтауға мүмкіндік береді, бірақ бұл процеспен байланысты бірқатар проблемалар бар.

Қызыл деңгей дереу жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін өте нашар күйдегі объектілерді көрсетеді. Жабдықтар мен желілердің тозуы 65 %-дан асады, бұл реттеліп көрсетілетін қызметтердің тұрақтылығы мен сенімділігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Бұл объектілер авариялық жағдайлардың басты себебіне айналып, іркіліссіз жабдықтауға қауіп төндіреді және қызмет көрсетуде кідіріс болғызбау үшін дереу қаржы құюды талап етеді.

Сары деңгей таяу арада күрделі жөндеуді немесе жаңғыртуды қажет ететін, тозу деңгейі 55 %-дан 65 %-ға дейінгі объектілерге қатысты. Мұндай объектілер жұмыс істей беру мүмкін, бірақ оларды пайдалану барған сайын қауіпті бола бастайды.

Қалпына келтіруге инвестиция уақтылы салынбаса, олар істен шыға бастауы мүмкін, бұл авариялардың артуына және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеледі.

Жасыл деңгей жай-күйі жүйенің жұмыс істеуіне бірден қауіп төндірмейтін, тозу деңгейі 55 %-ға дейінгі объектілерді қамтиды. Жай-күйінің жарамды болуына қарамастан, болашақта бұл объектілердің сенімділігі мен тиімділігін арттыру үшін оларды ұзақмерзімді жаңғырту жоспарларына қосуға болады.

Нақты проблема тозу деңгейі бойынша қолданыстағы жіктеудің шынайы қауіп дәрежесін үнемі көрсете бермейтініне сайып келеді, әсіресе жаңғыртудың барлық кезеңдерінде қаржыландырудың жеткіліксіздігінен объектілердің техникалық жай-күйі нашарлауы мүмкін жағдайларда. Кейде сары деңгейдегі объектілер іс жүзінде өте нашар жағдайға жақын болуы мүмкін, бұл ұзақмерзімді жоспарлауға қарағанда анағұрлым мұқият қарауды талап етеді. Тозу туралы деректердің жеткілікті интеграцияланбауы да проблема болып табылады, бұл жедел бақылауды және объектілерді жаңғырту мен жөндеудің бірыңғай стратегиясын кұруды қиындатады.

Осылайша, объектілерді тозу дәрежесі бойынша дұрыс жіктеу ғана емес, сонымен қатар ескірген инфрақұрылымды пайдалануға байланысты шынайы қауіпті де ескеру қажет, бұл инфрақұрылымның маңызды учаскелерінің мониторингі мен нысаналы инвестицияларды жақсарту бойынша қосымша шараларды қажет етеді.

Желілерді есепке алу

Қазақстандағы коммуналдық желілерді есепке алу проблемасы инфрақұрылымның жай-күйі мен ұзындығы туралы деректердің интеграциялануы мен жүйеленуінің жеткіліксіздігіне сайып келеді. Инженерлік инфрақұрылым туралы деректерді жинайтын МҚК ААЖ болуына қарамастан, оның тиімділігін шектейтін бірқатар проблемалар бар.

Біріншіден, қазіргі уақытта қалалар мен аудан орталықтары аумақтарының 86 %-ы ғана цифрланған, бұл ауылдық жерлерде және кейбір қалаларда коммуналдық желілердің басым бөлігі бірыңғай жүйеде есепке алынбағанын білдіреді. Мұның өзі жедел жоспарлау мен инфрақұрылымның жай-күйін мониторингілеуді қиындатады. Ірі елді мекендерде цифрлауды аяқтау жөніндегі жұмыстар 2025 жылға қарай ғана бітуге тиіс, бұл желілерді есепке алу және жаңғырту процесін баяулатады.

Екіншіден, есепке алу жүйесі 124 тексеру арқылы валидациядан өтсе де, олар инфрақұрылымның шынайы жай-күйін әрдайым көрсете бермейді, әсіресе үнемі МҚК ААЖ-ға түсе бермейтін жеке желілер мен қуаты аз объектілер жағдайында. Бұл тозудың және жаңғыртудың қаншалықты қажет екенін нақты және толық түсінбеуге алып келеді.

2027 жылдың соңына дейін шағын объектілер мен ауылдық аумақтарды қоса алғанда, коммуналдық желілер туралы барлық деректерді цифрлауды және интеграциялауды аяқтау, жеке желілер мен шағын объектілерді қоса алғанда,

ақпаратты үздіксіз жаңарту мен тексеруді қамтамасыз ете отырып, деректердің дәлдігі мен өзектілігін арттыру, жаңғырту мен жөндеуді жоспарлауда пайдалануға коммуналдық желілердің барлық деректері бірыңғай жүйеге түсуі үшін инфрақұрылымның жай-күйін есепке алу және бақылау үшін міндетті стандарттарды әзірлеу және енгізу, объектілердің жеке меншік иелерін қоса алғанда, барлық субъектілердің МҚК ААЖ-ға инженерлік инфрақұрылым жөніндегі деректерді міндетті түрде енгізуін қамтамасыз ету қажет.

Бұл шаралар коммуналдық желілерді есепке алу мен мониторингілеудің тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді, мұның өзі ашықтықты арттырып, тәуекелдерді азайтады және инфрақұрылымды уақтылы жаңғыртуды қамтамасыз етеді.

Ресурстардың ұтымды пайдаланылмауы және энергияны көп қажет ету

Коммуналдық ресурстарды ұтымсыз пайдалану – маңызды проблемалардың бірі. Мысалы, Қазақстанда өнім бірлігін өндіруге жұмсалатын судың орташа шығыны 109 м^3 құрайды, бұл Ресей мен АҚШ (44 м^3) қарағанда үш есе және Аустралияға (21 м^3) қарағанда алты есе көп. Бұл деректер ресурстардың айтарлықтай ысырап болатынын айғақтайды және су үнемдеу технологияларын ендіру мен су ресурстарын басқаруды оңтайландыру қажеттігін көрсетеді.

Энергия үнемдеу және энергия ресурстарын тиімді пайдалану кез келген елдің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Энергияны үнемдеу табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету жөніндегі экологиялық міндет болып табылады, сонымен қатар Экономиканы карбоннан арылту жөніндегі Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуде шешуші рөл атқарады.

Энергия ресурстарын тиімді пайдалану өнімділік пен энергия тиімділігін арттыруға бағытталған экономикалық міндет болып табылады.

Ел экономикасының энергия тиімділігінің көрсеткіші – елдің де, тұрақтылықты бағалаудың көптеген жүйелерінің базалық көрсеткіштерінің қатарына кіретін энергетикалық сектордың да орнықты дамуының түйінді индикаторы – ЖІӨ-нің энергияны көп қажет етуі.

Қазақстан экономикасының жоғары энергия сыйымдылығы елеулі проблемалардың бірі болып қалып отыр. 2022 жылы ЖІӨ энергияны көп қажет ету көрсеткіші мың АҚШ долларына шаққанда 0,315 тонна мұнай баламасын құрады, бұл ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда 3,2 есе және әлемдік орташа деңгейден 1,9 есе жоғары. Ғимараттардың энергия тиімділігінің төмендігі де алаңдаушылық туғызады: Қазақстанда ол $1,59$ гигаджоули/ м^2 құрайды, бұл Канада ($0,59$ гигаджоули/ м^2) мен Беларусь ($0,83$ гигаджоули/ м^2) көрсеткіштерінен едәуір жоғары.

Тұрғын үй-коммуналдық сектор ел экономикасының энергияны көп қажет ететін салаларының қатарына жатады және түпкілікті энергия тұтыну шамасы жағынан

бірінші тұрған тұтынушы болып табылады, оның үлесі 32 %-ды құрайды. Соңғы бес жылда тұрғын үй секторында энергия ресурстарын тұтыну 16,9 %-ға өсті.

Ғимараттардың қазіргі қорының техникалық жай-күйі, жобалау және пайдалануға беру кезінде құрылыс нормалары мен қағидаларын сақтау деңгейінің төмендігі, сондай-ақ халықтың аз хабардар етілуі елдегі ғимараттар секторының энергияны көп тұтынушының себептері болып табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа ғимараттарды, құрылыстарды, құрылысжайларды салуға немесе қолданыстағы ғимараттарды кеңейтуге арналған жобалық құжаттаманың энергия тиімділігі С класынан төмен болмауға тиіс. 10 мың мемлекеттік мекеменің энергия тұтыну мониторингі объектілердің көпшілігінде энергия тиімділігінің сыныптары төмен екенін көрсетті. Энергия тиімділігінің жоғары және орта кластарына (А, В және С) ғимараттардың 14 %-ы ғана сәйкес келеді. Тұрғын үй секторында да осындай жағдай байқалады.

Бұл деректер жылуды, электрді және су үнемдеудің заманауи технологияларын ендірудің маңыздылығын көрсетеді, мұның өзі ресурстардың ысырабын азайтуға, ұзақмерзімді перспективада экологияны жақсартуға мүмкіндік береді.

Тарифтік саясат

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополиялар салаларына реттеліп көрсетілетін 14 қызмет, оның ішінде экономика салаларының дамуына және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге айтарлықтай дәрежеде әсерін тигізетін қызметтер жатады.

2015 жылдан бері табиғи монополия салаларында ұзақмерзімді шекті тарифтерді 5 жылға және одан да көп жылға белгілеуді көздейтін тарифтік саясат қолданылады.

Тарифтер қолданылатын кезеңде реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде жұмылдырылған қолданыстағы активтерді жаңартуға және құруға бағытталған инвестициялық бағдарлама салалық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен бірге бекітіледі.

Жаңа инвестиция тарту арқылы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту тарифтік саясаттың түйінді бағыттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан кезең-кезеңімен бас тарту жүзеге асырылуда, бұл тұтынушылардың әртүрлі топтары арасында тарифтерді теңестіруге және бизнес пен бюджеттік ұйымдарға қаржылық жүктемені азайтуға көмектеседі, мұның өзі жергілікті бюджет қаражатын босатуға және өңірдің басым әлеуметтік мұқтажына бағыттауға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, табиғи монополиялар туралы заңнаманы жетілдіру шеңберінде ҰЭМ электр энергиясымен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау және газ тасымалдау саласындағы тарифтерді өзгерту бөлігінде түзетулер енгізді, онда желілерге қызмет көрсетуге және оларды сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде

пайдалануға жұмсалатын шығын ескерілген, бұл көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аспап орнату және цифрландыру:

Жылумен жабдықтау

Коммуналдық қызметтердің шығындарын азайту, басқару процестерін оңтайландыру және олардың жұмысының тиімділігін арттыру үшін жылумен жабдықтау саласында жылу мен суды есепке алу жүйелерінің аспаптарын орнату және оларды автоматтандыру шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта үй қожалықтарын үйге ортақ есепке алу құралдарымен жарақтандырудағы елеулі прогреске қарамастан, жылу энергиясын тасымалдау және бөлу кезінде энергия шығынының деңгейі жоғары күйінде қалып отыр – 42 %-ға дейін. Жылуды есепке алудың ескірген жүйесі тұтынуды жедел бақылау мүмкіндігін шектейді, бұл жылумен жабдықтаушы ұйымдар жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Есепке алу құралдарының ескіруіне және деректердің жеткіліксіз интеграциялануына қатысты проблемалар қаржы мен энергетиканың қосымша шығына алып келеді. Осы проблемаларды шешу үшін есепке алу аспаптарын жаңғырту, Smart Metering технологияларын енгізу және барлық деңгейлерде жылу ресурстарын есепке алудың бірыңғай жүйесін құру қажет. Бұл бухгалтерлік есептің дәлдігін айтарлықтай жақсартады, шығындарды азайтады және тұтынуды бақылауды жақсартады.

Жылу желілерін басқару, нақты уақыттағы температура мен қысымды мониторингілеу жүйелері сияқты автоматтандыру мен мониторингілеудің заманауи технологиялары жүйе жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен сапасын едәуір жақсарта отырып, іркілістер мен авариялық жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Электр энергетикасы

Шығыстарды бақылау және есепке алу, ысырапты барынша азайту, энергияны беру және бөлу тиімділігін арттыру, сондай-ақ сектор жұмысының ашықтығын арттыру үшін электр энергетикасы саласында аспап орнату мәселесінің түйінді маңызы бар. Заманауи есепке алу құралдарын қолдану бақылаудың дәлдігі мен жеделдігін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді, бұл бүкіл энергетикалық инфрақұрылымның тұрақты жұмысы үшін маңызды.

Дегенмен Қазақстанда электр энергиясын есепке алу жабдықтары мен технологияларын қоса алғанда, техникалық негіздің ескіргені байқалады, бұл қосымша шығынға алып келеді және жедел бақылау мүмкіндіктерін шектейді. 2023 жылдың басында ЭКЕАЖ, қосалқы станциялардың мониторинг жүйелері және геоақпараттық жүйелер сияқты Smart Grid элементтерін енгізу жағдайды едәуір жақсартты, бірақ бұл шешімдер жаппай енгізілмеген және электр энергиясын өндіру мен тұтынудың барлық деңгейлерін бірдей қамтылмаған.

Жүктемені автоматтандырылған басқарумен және авариялық жағдайларда электр желілерін қалпына келтірумен қоса Smart Grid технологиялары біртіндеп энергетикалық жүйелердің сенімділігі мен тұрақтылығын арттырудың маңызды құрамдас бөлігіне айналуда. Алайда оларды мемлекеттік деңгейде интеграциялау инфрақұрылымның жекелеген элементтері арасындағы синергияға қол жеткізуге және барлық кезеңдерде тұтыну мен шығын мониторингін жақсартуға мүмкіндік беретін кешенді тәсілді талап етеді.

Сумен жабдықтау және су бұру

Сумен жабдықтауды және су бұруды цифрландыру су ресурстарын басқарудың ашықтығын арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту және шығынды азайту үшін маңызды қадам болып табылады. Басқа елдердегідей Қазақстанда да су сапасын автоматтандырылған басқаруды, геоақпараттық жүйелерді және сорғы станцияларын қашықтан басқару жүйелерін қамтитын Smart Water технологияларын ендіру сумен жабдықтау және су бұру мониторингін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда су ресурстарын есепке алу жүйесі бірыңғай интеграцияланған платформаның болмауына байланысты проблемаға тап болып отыр. Су ресурстарының ысырап болу деңгейі алынған судың 14 %-ына дейін жетсе де, телеметриялы есепке алу жүйесінің және әртүрлі көзден алынған деректер интеграциясының болмауы ысырап пен тұтынуды бақылауды қиындатады. Тұтынуды болжауға арналған болжамды аналитикалық жүйелермен және сумен жабдықтауды автоматты басқарумен қоса Smart Water жүйесін жаңғырту және ендіру ысырапты азайтуға және желілерді пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ал Еуропада су ресурстарын басқару үшін интеллектуалды жүйелерді интеграциялау тұжырымдамалары белсенді пайдалануда, бұл қызмет көрсету деңгейін көтеріп қана қоймай, пайдалануға жұмсалатын шығынды азайтуға да мүмкіндік береді. Қазақстанда бүкіл ел аумағында сумен жабдықтауды және су бұруды тиімді басқару үшін кешенді шешімді қамтамасыз ете отырып, осындай технологияларды ендіру маңызды болады.

Газбен жабдықтау

Дерек қашықтан берілетін есепке алу аспаптарын қолдану газды есепке алу сапасын және оны тасымалдау мен өткізу процестерінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Есепке алу аспаптарын орнатпайынша және цифрландырмайынша, тауарлық газды үнемді тұтынудың ендірілетін тетіктерін сапалы әкімшілендіру мүмкін емес.

Қазіргі уақытта елдегі тұтынушылардың тек 4 %-ы ғана (шамамен 100 мың) газды есепке алудың дерек қашықтан берілетін заманауи аспаптарымен жабдықталған, оның өзін пилоттық жобалар шеңберінде газ тарату ұйымдары немесе ЖАО орнатқан. Барлық тұтынушылар қолданыстағы заңнамаға сәйкес газды есепке алу аспаптарын өздері сатып алады. Әдетте бұл есепке алу сапасы төмен, температура компенсациясы, дерек беру функциясы және кіріктірілген клапаны жоқ ең арзан есептеуіштер.

Газды есепке алуды цифрландыру деңгейі төмен болса, газ тасымалдау көлемін дәл мониторингілеу мен бақылау мүмкіндігі болмайды, ал тұтынушылар санының өсуі бақылаушыларға деген сұранысты және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды жыл сайын арттырады. Бұл операциялық шығынның және халық үшін газдың түпкілікті құнының өсуіне алып келеді, үнемді тұтыну тетіктерін тиімді енгізуге мүмкіндік бермейді, экспорттық әлеуетті төмендетеді және ішкі нарықты қосымша субсидиялауды талап етіп, газ саласының шығынын арттырады. Бұдан басқа, тұрмыстық тұтынушылар газды есепке алу аспаптарын сатып алу, орнату және тексеру шығындарын өздері көтеруге мәжбүр.

Әлемдік тәжірибе мен Қазақстан Республикасында жүргізілген пилоттық жобалар тауарлық газды есепке алуды цифрландырудың тиімділігін практика жүзінде растап отыр.

Аспап орнату тұтынушылардың есепке алу аспаптарын сатып алуға және тексеруге жұмсалатын шығынын азайтуға, есептеу мен есепке алу сапасын арттыруға, халық арасында үнемді тұтыну мәдениетін енгізуге, алаяқтық тәуекелдерін азайтуға және қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет үшін бұл тауарлық газды анағұрлым ұтымды пайдалануды, инвестиция тартуды және өндірісті оқшаулауды, жаңа жұмыс орындарын құруды және есепке алудың ашықтығын арттыруды білдіреді.

Газ саласы үшін – бұл газды үнемдеу және дәл есепке алу, желілерді цифрлық басқару, қауіпсіздік деңгейінің және ESG рейтингінің жоғарлауы, сондай-ақ ішкі нарықты субсидиялауға жұмсалатын шығыстардың азаюы.

Аспап орнату мен автоматтандыруды барлық төрт секторда – электр энергетикасында, жылумен жабдықтауда, сумен жабдықтауда және газбен жабдықтауда енгізу коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға ықпал етіп қана қоймай, ысырап пен қаржы шығысын барынша азайта отырып, ресурстардың ашықтығы мен бақылануын қамтамасыз етеді. Smart Grid, Smart Metering және Smart Water технологияларын қолдану автоматтандырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді, авариялық жағдайларға жедел ден қоюға және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ толық тиімділік үшін осы технологияларды елдің бүкіл аумағында және барлық деңгейде интеграциялауды аяқтау қажет.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету

Табысы аз азаматтардың шығынын азайту мақсатында ЖАО көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тұрғын үй көмегі, жергілікті бюджет) азаматтар жұмсайтын шығыстардың бір бөлігін өтеу тетігін іске асырады.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету

қағидаларын ӨҚМ өзгертті, яғни тұтынушылар үшін шығыстардың жаңа шегін белгіледі. Өзгеріске сәйкес азаматтар тұрғын үй қызметтеріне ақы төлеуге отбасылық табысының 10 %-дан аспайтын бөлігін (бұрынғы 20 % орнына) жұмсайды. Бұл азаматтардың тоқсан сайын алатын өтемақы мөлшерін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Автоматтандырылған соң қажетті құжаттарды қағаз жеткізгіштерде тапсыру қажет болмайды, коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін шоттарды қоспағанда, ақпарат мемлекеттік деректер базасынан автоматты түрде жүктеледі.

Соңғы 5 жылда ЖАО деректері бойынша 223,4 мыңнан астам отбасыға тұрғын үй көмегі төленді.

2024 жылдан бері тұрғын үй көмегі табысы аз 6196 отбасыға тағайындалды, оның жалпы сомасы 140 млн теңгеден астам, өтініш қабылдау "электрондық үкімет" порталы және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жүргізіледі. 2025 жылы пилоттық жобаны сынақтан өткізуді аяқтау қорытындысы бойынша ӨҚМ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларына тиісті өзгерістер енгізетін болады, мұның өзі рәсімді оңайлатып, алушылар шеңберін кеңейте отырып, тұрғын үй көмегін проактивті форматта көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға тұрғын үй көмегін көрсетуден басқа тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау, атаулы әлеуметтік көмек көрсету және азаматтардың өмірде қиын жағдайға тап болуына байланысты әлеуметтік көмек көрсету сияқты бірқатар әлеуметтік қолдау бағдарламалары бар.

Тұрғын үй көмегін алушыларды кеңінен қамту мақсатында қолдау көрсету кезінде табыс пен тұрғын үй нормаларының талап етілетін шекті мәндерін стандарттау және біркелкі ету қажет.

3. Мақсат, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері

Р/с №	Міндет, нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Өткен жылғы факт	Ағымдағы жылға бағалау	Нәтиже көрсеткіштері (жоспар), жылдар бойынша				
						2025	2026	2027	2028	2029
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
<p>Мақсат: 2025 – 2029 жылдары халыққа коммуналдық қызметтерді сенімді әрі сапалы көрсету және ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін электрмен, жылумен жабдықтау (жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу), сумен жабдықтау және су бұру желілері мен объектілерін жаңартуды қамтитын энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту.</p>										

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Ұлттық жобаны іске асыру түйінді 4 бағыт бойынша жүзеге асырылатын болады, оның шеңберінде 5 міндетті іске асыру көзделген.

1-бағыт. Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу

1-міндет. Энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын (желілері мен объектілерін) жаңғырту және салу

1-көрсеткіш. Жылумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	%	ЭМ, ЖАО, ҰЭМ	54 %	52 %	50 %	48 %	45 %	43 %	42 %
2-көрсеткіш. Электрмен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	%	ЭМ, ЖАО, ҰЭМ	76 %	74 %	67 %	62 %	57 %	52 %	45%
3-көрсеткіш. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	%	ӨҚМ, ЖАО, ҰЭМ	40 %	39 %	38 %	37 %	35 %	34 %	33 %
4-көрсеткіш. Су бұру желілерінің тозу деңгейі	%	ӨҚМ, ЖАО, ҰЭМ	56 %	55 %	53 %	49 %	44 %	42 %	41 %
5-көрсеткіш. Жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу көлемі	МВт	ЭМ, ЖАО	-	36	2554	3279	5039	7309	
6-көрсеткіш. Жаңа кәріздік тазарту құрылысжайларын енгізу	бірлік	ӨҚМ, ЭТРМ, ЖАО	-	0	3	23	15	4	

2-міндет. Цифрландырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

1-көрсеткіш. Ұлттық жоба жобаларының жаңғыртылатын және салынып жатқан энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылым объектілерін электр энергиясын,	%	ӨҚМ, ЭМ, ЖАО		100 %	100 %	100 %		100 %	
--	---	--------------	--	-------	-------	-------	--	-------	--

ж ы л у энергиясын, с у м е н жабдықтау м е н с у бұруды есепке алу аспаптарымен ж ә н е автоматтанды рылған жүйелерімен қамту							100 %	
2-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есепке алу аспаптарымен жарақтандыр ылған электр энергиясын есепке алу нүктелерінің үлесі	%	ЭМ		17 %	32 %	51 %	76 %	10 %0
3-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есепке алу аспаптарымен жарақтандыр ылған жылу энергиясын есепке алу нүктелерінің үлесі	%	ЭМ	17 %	22 %	30 %	50 %	75 %	100 %
4-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есепке алу аспаптарымен жарақтандыр ылған сумен жабдықтауды есепке алу нүктелерінің үлесі	%	ӨҚМ	71 %	77 %	83 %	88 %	94 %	100 %
5-көрсеткіш. ТП БАЗ жабдықталған коммуналдық								

- энергетикалық инфрақұрылым объектілерінің үлесі	%	ЭМ	22 %	27 %	40 %	90 %	80 %	100 %
6-көрсеткіш. "Energy tech" салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығымен қамтылған субъектілердің үлесі	%	ЖИЦДМ, ЭМ		10 %	20 %	40 %	60 %	100 %
7-көрсеткіш. "Water Tech" салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығымен қамтылған субъектілердің үлесі	%	ЖИЦДМ, ОҚМ		10 %	20 %	40 %	60%	100%
8-көрсеткіш. Зияткерлік энергия жүйесімен (SmartGrid) қамтамасыз етілген жүйелік оператордың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің үлесі	%	ЭМ, ЖИЦДМ	43,6 %	50 %	60 %	70%	80%	90%

2-бағыт. Энергетикалық және коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру

3-міндет. Қаржыландырудың орнықты және қолжетімді тетігін құру

1-көрсеткіш. Ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келетін және қаржыландырушы ұйымға құжаттардың		Ұ Э М , Қаржымині, ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу						
---	--	--	--	--	--	--	--	--

толық топтамасын ұсынған ТМС жобаларының жеңілдікті қаржыландыру мен қамтамасыз етілу деңгейі	%	бойынша), "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша), ЖАО	-	-	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
---	---	--	---	---	-------	-------	-------	-------	-------

3-бағыт. Елішілік құндылықты арттыру

4-міндет. ОТӨ өнімінің барынша пайдаланылуын қамтамасыз ету

1-көрсеткіш. Ұлттық жоба жобалары шеңберінде өнім берушілердің жалпы санындағы ОТӨ үлесі	%	ӨҚМ	-	-	20 %	30 %	40 %	50 %	60 %
--	---	-----	---	---	------	------	------	------	------

4-бағыт. Тарифтер көтерілген кезде халықтың шығыстарын өтеу тетіктері

5-міндет. Халық шығысына тарифтік жүктеменің әсерін жұмсарту

1-көрсеткіш. Өтінім бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерге өтемақы төлеу бөлігінде табысы аз тұрғындарды тұрғын үй көмегі арқылы қамту үлесі	%	ӨҚМ, Еңбекмині			100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
--	---	----------------	--	--	-------	-------	-------	-------	-------

4. Әлеуметтік-экономикалық тиімділік, игілік алушылар үшін пайда

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Жылдар бойынша болжамды мәндер					
			2025	2026	2027	2028	2029	
1	2	3	4	5	6	7	8	
1	Халық үшін әлеуметтік әсер							
	Коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу шығындары							

1	Энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын (желілері мен объектілерін) жаңғырту және салу	996 058	3 114 875	3 108 808	3 283 289	3 869 141	14 372 271	1 385 626		12 986 645
2	2 - міндет. Цифрландырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру	29 033	113 018	157 729	198 297	197 465	695 542	93 545	-	601 997
3	3 - міндет. Тұрақты және қолжетімді қаржыландыру тетігін құру	-	-	-	-	-	-	-		
4	4 - міндет. ОТӨ өнімдерінің барынша пайдаланылу	500	100	100	100	100	900	900		-

	ын қамтам асыз ету									
5	5 - міндет. Халық шығысына тарифтік жүктеменің әсерін жеңілдету	-	-	-	-	-	-	-	-	-
	БАРЛЫҒЫ, оның ішінде көздердің түрлері бойынша	1 025 591	3 227 993	3 266 637	3 481 786	4 066 706	15 068 713	1 480 071		13 588 642
	РБ	84 274	207 766	319 325	400 938	467 767	1 480 071	1 480 071	-	-
	Жергілікті бюджет							-		-
	Бюджеттен тыс қаражат	941 317	3 020 227	2 947 312	3 080 847	3 598 939	13 588 642			13 588 642

6. Жауаптылық пен өкілеттіктерді бөлу

Р/с №	Атауы	Жауапты (лауазымды тұлға)	Өкілеттіктер
1	2	3	4
1-міндет. Энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын (желілері мен объектілерін) жаңғырту және салу			
1	1-көрсеткіш. Жылумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика	ЭМ, ҰЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау

		вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
2	2-көрсеткіш. Электрмен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ЭМ, ҰЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
3	3-көрсеткіш. Сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қажкенов, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ӨҚМ, ҰЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
4	4-көрсеткіш. Су бұру желілерінің тозу деңгейі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қажкенов, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ӨҚМ, ҰЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
5	5-көрсеткіш. Жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу көлемі	Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу

6	6-көрсеткіш. Жаңа кәріз-тазарту құрылысжайларын іске қосу	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қаженов, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Шияпұлы Әлиев және жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ӨҚМ, ЭТРМ, – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
2-міндет. Цифрландырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру			
7	1-көрсеткіш. Ұлттық жоба жобаларының жаңғыртылатын және салынып жатқан энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылым объектілерін электр энергиясын, жылу энергиясын, сумен жабдықтау мен су бұруды есепке алу аспаптарымен және автоматтандырылған жүйелерімен қамту	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қаженов және Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдағы уәкілетті тұлға	ӨҚМ – үйлестіру, мониторинг, іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау ЭМ – түзету бойынша ұсыныстар енгізу ЖАО – іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу
8	2-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есеп алу аспаптарымен жарактандырылған электр энергиясын есепке алу нүктелерінің үлесі	Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов	ЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
9	3-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есеп алу аспаптарымен жарактандырылған жылу энергиясын есепке алу нүктелерінің үлесі	Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов	ЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
10	4-көрсеткіш. Деректер қашықтан берілетін есеп алу аспаптарымен жарактандырылған сумен жабдықтауды есепке алу нүктелерінің үлесі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қаженов	ӨҚМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
11	5-көрсеткіш. ТП БАЖ жабдықталған коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым объектілерінің үлесі	Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов	ЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау

12	6-көрсеткіш. "Energy tech" салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығымен қамтылған субъектілердің үлесі	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Андреевич Мун, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов	ЖИЦДМ, ЭМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
13	7-көрсеткіш. "Water Tech" салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығымен қамтылған субъектілердің үлесі	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Андреевич Мун, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қажкенов	ЖИЦДМ, ӨҚМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
14	8-көрсеткіш. Зияткерлік энергия жүйесімен (SmartGrid) қамтамасыз етілген жүйелік оператордың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің үлесі	Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Андреевич Мун	ЭМ, ЖИЦДМ – үйлестіру, мониторинг, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
3-міндет. Орнықты және қолжетімді қаржыландыру тетігін құру			
15	1-көрсеткіш. Ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келетін ТМС жобаларының жеңілдікті қаржыландырумен қамтамасыз етілу деңгейі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қажкенов, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Сұңғат Қуатұлы Есімханов, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Асан Көбентайұлы Дарбаев, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Абзал Бейсенбекұлы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және	ӨҚМ, ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҚНРДА – заңнамаға өзгерістер енгізу, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және өзектілендіру, іске асыру

		дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Тимур Бөкейханұлы Әбілқасымов және "	"Бәйтерек" ҰИХ" АҚ – ұсыныстар енгізу
4-міндет. ОТӨ өнімінің барынша пайдаланылуын қамтамасыз ету			
16	1-көрсеткіш. Ұлттық жоба жобалары шеңберінде өнім берушілердің жалпы санындағы ОТӨ үлесі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбекұлы Сапарбеков	ӨҚМ – үйлестіру, мониторинг, іске асыру, түзету бойынша ұсыныстар енгізу, есептілікті дайындау
5-міндет. Халы шығысына тарифтік жүктеменің әсерін жұмсарту			
17	1-көрсеткіш. Өтінім бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерге өтемақы төлеу бөлігінде табысы аз тұрғындарды тұрғын үй көмегі арқылы қамту үлесі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Жұмабекұлы Қажкенов және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Маратұлы Ертаев	ӨҚМ – тұрғын үй көмегін көрсету Еңбекмині – түзету бойынша ұсыныстар енгізу

Шешу жолдары: энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу жөніндегі жобаларды іске асыру тәртібі мен тетіктері

1-бағыт. Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу

1-міндет. Энергетикалық және коммуналдық секторлардың инфрақұрылымын (желілері мен объектілерін) жаңғырту және салу

2025 – 2029 жылдар аралығында қолданыстағы энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылым объектілері мен желілерін жаңғырту және жаңарту жоспарлануда, бұл олардың тозуының жоғары деңгейіне және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуіне , сондай-ақ халық пен экономиканың өсіп келе жатқан сұранысына байланысты.

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 86 мың километр желіні жаңғыртуды және салуды жүзеге асыру жоспарлануда, бұл энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымның нормативтік жай-күйін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (тозуы орта есеппен 40 %-ға дейін).

Ұлттық жобаның жедел және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру, іске асырылуын үйлестіру және мониторингілеу мақсатында салалық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ қаржы операторы мен техникалық оператордың қатысуымен Үкімет жанынан жобалау офисі құрылатын болады.

Инфрақұрылымды жаңғырту және салу процесі цифрланады және оның кезеңдік мониторингі ұлттық жобаларды басқару мен мониторингілеу платформасында бақыланатын болады (np.gov.kz).

Техникалық оператор

"ТКШ ҚазОрталығы" АҚ Ұлттық жобаны қаржыландырудың барлық тетігі бойынша техникалық оператор болып айқындалды.

Техникалық оператор Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мен салуға қатысатын жобалар бойынша ТМС мен ЖАО-ның жобалауға арналған өтінімдері мен тапсырмаларын қарайды.

Техникалық оператор сумен жабдықтау және су бұру, жылу және электр энергиясын өндіру, беру, өткізу жүйесінің энергетикалық және коммуналдық секторларын жаңғыртуға бағытталған техникалық-технологиялық шешімдерге олардың негізділігі, орындылығы, басымдығы тұрғысынан сараптама жүргізуді жүзеге асырады.

Техникалық оператор Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде энергия үнемдеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, жобалау, құрылыс және (немесе) пайдалану кезеңдерінде жобалардың іске асырылуын мониторингілеуді, оның ішінде жабдықтардың, материалдардың сапасын, құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын және қазақстандық тауар өндірушілердің жобаларға қатысуын мониторингілеуді жүзеге асырады.

Мониторинг жобаның тапсырыс берушісі ұсынатын деректер, сондай-ақ техникалық оператордың объектілерді көзбен шолып тексеруі негізінде электрондық платформа арқылы жүзеге асырылып, жобаларды іске асырудың нақты барысы және қолданылатын материалдар мен жабдықтар сапасының бақылануы тексерілді.

Техникалық оператор жобаларды іске асыру кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Техникалық сараптама және жобалардың іске асырылу барысын мониторингілеу шеңберінде техникалық оператор жобаларда берілетін ақпаратты (оның ішінде технологиялық деректерді) және дербес деректерді қорғау жөніндегі шаралардың болуын, сондай-ақ осы шаралардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Техникалық оператордың жұмысы, техникалық сараптама, жобалау, салу, пайдалану процесінің мониторингі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 297 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36606 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, құрылыс және (немесе) пайдалану процесін мониторингтеу қағидаларында айқындалған.

Техникалық оператор жұмысының көлемін қаржыландыру мемлекеттік тапсырманы орналастыру арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Қаржы операторы

"Бәйтерек" ҰИХ" АҚ Ұлттық жобаның қаржы операторы болып табылады.

Қаржы операторы қаржыландыру тетігін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі № 88 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №36799 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу жобалары бойынша қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қаржыландыру және (немесе) субсидиялау тетігін айқындау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау қағидаларына сәйкес айқындайды.

Бұдан бөлек, қаржы операторы еншілес ұйымдары арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 385 қаулысымен бекітілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алу мақсаттарының тізбесіне сәйкес ЖАО-ның облигациялық қарыздары арқылы ТМС тікелей қаржыландыру және ТМС қаржыландыру тетіктерін іске асыру жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Ұлттық жоба шеңберінде жобаларды қаржыландыру ТМС меншікті қаражаты, бюджеттік кредит тарту және (немесе) ЖАО-ның немесе ӘКК-нің ТМС жарғылық капиталына салымды жүзеге асыруы, ХҚҰ мен Қазақстан Республикасы қаржы институттарының қарыздарын тарту, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "ҚТК" АҚ сатып алатын ЖАО облигацияларының эмиссиясы есебінен жүзеге асырылатын болады.

ЕДБ, "ҚДБ" АҚ, ХҚҰ қаржыландыру құралдары арқылы ТМС қаржыландырылған жағдайда ЕДБ, "ҚДБ" АҚ, ХҚҰ беретін ТМС-ның кредиттері бойынша "ҚТК" АҚ пайыздық мөлшерлемелерді арзандатуға бағытталған субсидия беру жөніндегі агент болады.

Тарифке жүктемені төмендету мақсатында ұйымдардың қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі шығындарын республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражатынан субсидиялап, мемлекеттік бюджеттен берілетін субсидия көлемін жыл сайын біртіндеп төмендету жоспарлануда. Нәтижесінде республикалық бюджеттен берілетін субсидияның жалпы көлемі тартылатын қарыз бойынша негізгі борыш сомасынан аспауға тиіс.

ТМС-ның басқа көздерден алған қарыздарына қызмет көрсету және оларды өтеу бойынша шығындарын субсидиялау үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 78 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 36613 болып тіркелген) Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларында айқындалған.

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу жөніндегі жобаларды іске асыру тәртібі

1. Жобаға бастама жасау

ТМС жоба бойынша өзінің бірінші басшысы мен ЖАО қол қойған өтінім мен құжаттарды қалыптастырады. Келесі күнтізбелік жылы іске асыру жоспарланған жоба бойынша өтінімдерді техникалық оператор жыл сайын оның алдындағы жылдың 1 наурызынан кешіктірмей қабылдайды.

Электрондық сатып алу платформасы арқылы ТМС жоба бойынша өтінім береді, оған жобалауға арналған тапсырманы, жобаға түсіндірме жазбаны, "толық бітіріп берілетін" құрылыстың есептік құнын не бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға немесе техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес айқындалған құнын, сондай-ақ ұсынылатын тарифтер деңгейлерінің кестесін қоса береді.

Өтінім техникалық операторға, қаржы операторына және тарифтік реттеушіге бір мезгілде жіберіледі, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органымен 5 жұмыс күніне дейінгі мерзімде алдын ала келісілуге тиіс. Жобаны қараудың жалпы мерзімі 17 жұмыс күнін құрайды, соның шеңберінде қатысушылардың әрқайсысы өзінің бағалау кезеңін атқарады.

Өтінімде жобаның мақсаты, қысқаша сипаттамасы, алдын ала құны және оны іске асырудың болжамды мерзімдері көрсетілуге тиіс. Өтінім тарифтердің шектеулі өсуі есебінен қарыздың қайтарылу мүмкіндігін бағалау үшін тариф реттеушімен келісілуге тиіс.

Қараудың жалпы мерзімі шеңберінде:

Техникалық оператор 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізеді және келісу (келіспеу) не пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдайды, бұл туралы ЖАО мен ТМС-ны хабардар етеді.

Тарифтік реттеуші 5 жұмыс күні ішінде олардың тариф деңгейіне ықтимал ықпалын бағалауды жүзеге асырады.

Қаржы операторы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі № 88 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36799 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу жобалары бойынша қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қаржыландыру және (немесе) субсидиялау тетігін айқындау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау қағидаларында көзделген техникалық, қаржылық

және заңи өлшемшарттар негізінде қаржыландыру тетігін белгіленген бүкіл кезең – 17 жұмыс күні ішінде айқындайды.

Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы техникалық оператордың, тарифтік реттеуші мен қаржы операторының оң қорытындыларынан кейін қаржыландыру үшін Ұлттық жоба шеңберіндегі жобалардың тізбесін автоматты түрде қалыптастырады.

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде өтінім мен жобалауға алдын ала тапсырманы қарау және келісу тәртібі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 297 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36606 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процесін мониторингтеу қағидаларында айқындалған.

Құжат айналымы келісу кезінде Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды цифрландыру жөніндегі жобаларды (SCADA, ЭКЕАЖ, Smart Grid, телеметрия жүйелері және басқалар) іске асыру кезінде берілетін жобалау, пайдалану ақпараты мен технологиялық ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден және араласудан, оның ішінде ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген жүйелерді жобалау, құру және пайдалану кезінде ескерілуге тиіс.

Халыққа тұрғын үй көмегін көрсету процестерін автоматтандыруға, мемлекеттік платформалар арқылы коммуналдық инфрақұрылымды басқаруға және бірыңғай дерекқормен интеграциялауға байланысты жобалар шеңберінде ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу кезінде азаматтардың дербес деректерінің қорғалуын қамтамасыз ету қажет.

Дербес деректерді өңдеу және сақтау Қазақстан Республикасының дербес деректер және мұндай деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуді және оларға рұқсатсыз қол жеткізуді жоққа шығаруды қоса алғанда, оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

2. Мердігерлерді немесе консорциумды айқындау

ТМС тапсырыс беруші болып табылады және мердігерді немесе консорциумды анықтау үшін конкурстық құжаттаманы әзірлейді.

Тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы әзірлейді, оның негізінде 2 кезеңдік конкурстық рәсімдер арқылы мердігерді немесе "жобалау-құрылыс/ЕРС-келісімшарт (

толық аяқталған)" немесе "жобалау-құрылыс ЕРС+F-келісімшарт (толық аяқталған)" немесе "жобалау-құрылыс-пайдалану" тетігі бойынша консорциумды таңдау үшін конкурстық рәсімдерді жүргізеді.

Жаңғырту және салу жобасын консорциум іске асыратын болса, консорциумға қатысушылар консорциумның аға қатысушысын/басқарушы компанияны айқындайды, ол қатысушылардың бірлескен қызметін бақылап, бүкіл жоба үшін тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

Бірінші кезеңде әлеуетті мердігерлердің немесе консорциумның қаржылық тұрақтылығын, оның ішінде төленген салықтардың көрсеткіштерін, жобаның ерекшелігіне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесін, арнайы техника мен білікті кадрлардың бар-жоғын, орындалмаған сот міндеттемелерінің болмауын тексеруді көздейтін алдын ала біліктілік іріктеу жүзеге асырылатын болады.

Екінші кезеңде мердігерлерді немесе консорциумды мынадай өлшемшарттар бойынша іріктеу жүргізілетін болады: өз қаражатымен қатысудың ұсынылатын шарттары, ұсынылатын баға, кепілдік жарнаның мөлшері, кепілдік кезеңінің мерзімі, пайдалану мерзімі (қажет болған жағдайда).

Конкурстық рәсімдер ҰЭМ-мен, ЭМ-мен келісу бойынша құрылыс және өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган айқындайтын Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасында өткізіледі, адами фактордың ықпалы барынша азайтылады және конкурс аяқталғанға дейін қатысушылардың кім екені белгісіз болады.

Мердігерлерді немесе консорциумды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын, сондай-ақ үлгілік шарттың нысанын ҰЭМ-мен, ЭМ-мен келісу бойынша құрылыс саласындағы уәкілетті орган айқындайды және бекітеді.

3. ЖСҚ мен инвестициялық бағдарламаны әзірлеу және келісу

Конкурстық рәсімдер аяқталғаннан кейін тапсырыс беруші мен жеңімпаз (мердігер немесе консорциум) арасында жұмыс көлемін орындауға келісімшарт жасалады, мердігер немесе консорциум ЖСҚ әзірлеуді және кейіннен объектіні салуды/реконструкциялауды соған сәйкес жүзеге асырады.

ЖСҚ әзірлеу және объектілерді енгізу кезінде МҚК ААЖ форматында GPS-координаттары бар электронды схеманың болуы көзделеді.

ЖСҚ әзірлеу мерзімі орта есеппен 30-дан 61 жұмыс күніне дейін.

Әзірленген ЖСҚ ведомстводан тыс кешенді сараптама өткізілгенге дейін жобаның техникалық-технологиялық шешімдеріне сараптама жүргізу үшін техникалық операторға жіберіледі. Техникалық оператор техникалық-технологиялық шешімдерге сараптаманы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

ТМС ЖСҚ-ны Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасына жүктейді және техникалық операторға техникалық-технологиялық шешімдер сараптамасына жібереді.

Мердігерлік шарттың түпкілікті құны ЖСҚ-ға ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысынан кейін айқындалып, шарт сомасының құнын азайту жағына ғана қосымша келісім жасалады (қажет болған жағдайда).

ҚМЖ жобалау кезеңінде жаңғырту және құрылыс жобасының қымбаттауы бойынша тәуекелдерді мердігер немесе консорциумның уәкілетті тұлғасы көтереді.

4. Қаржыландыруды алу

Техникалық оператормен келісілгеннен кейін ТМС қаржы институтына техникалық тапсырмамен ЖСҚ-ны сыртқы техникалық бағалау үшін жібереді және бір уақытта ТМС ЖСҚ-ны қоса отырып, құжаттар пакетін қаржы институтына банктік сараптамадан өту және кешенді ведомстволық сараптамадан өту үшін жібереді.

Алдын ала мақұлдау және қаржы институттары тарапынан банктік сараптама олардың ішкі нормативтік актілерінде көзделген мерзімде жүргізіледі, бірақ 45 жұмыс күнінен аспайды.

Қаржы операторы өтінімді қарауды Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасында техникалық оператор өтінімді келіскеннен кейін, сондай-ақ қорытынды алғаннан және тарифтік реттеуші алдын ала тариф деңгейін айқындағаннан кейін жүзеге асырады.

Қаржыландыру тетігін айқындау үшін ТМС өтінімдерін қаржы операторының қарауының тәртібі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі № 88 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36799 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, салу жобалары бойынша қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін қаржыландыру және (немесе) субсидиялау тетігін айқындау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау қағидаларында айқындалған.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органдар қаржы институттары ("ҚТК" АҚ және "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ) үшін ТМС қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қаражат бөлуге қатысты мәселені Республикалық бюджет комиссиясының қарастырғаны және ол туралы шешімі (бар болса) туралы хабарлайды.

Кредит беру (алу) үшін ЕДҚ, ХҚҰ, "ҚДБ" АҚ мақұлдағаннан кейін ТМС-ға және (немесе) ЭӨҰ-ға берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бөлігі субсидияланады.

Субсидиялау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі № 78 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36613 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар

шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларында айқындалған.

5. Уәкілетті органның тарифті бекітуі

Техникалық оператор техникалық-технологиялық шешімдерді келіскеннен кейін ТМС тариф пен инвестициялық бағдарламаны түпкілікті бекіту үшін тарифті реттеушінің атына өтінішпен жүгінеді. Тарифтік реттеуші тариф пен инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтінім түскен күннен бастап оны 40 жұмыс күні ішінде қарайды.

Ұлттық жоба шеңберінде іс-шараларды іске асыруға байланысты шығын (қарыз қаражатын қайтару жөніндегі міндеттемелер) ТМС шығындарының құрамына жеке баппен енгізіледі.

6. Объектіні салу

Мердігер немесе консорциум объектіні салуды әзірленген және техникалық оператормен келісілген ЖСҚ-ға сәйкес жүзеге асырады.

ҚМЖ кезеңінде ЖСҚ-ны заңнамада көзделген рәсімдерді сақтай отырып, техникалық оператормен міндетті келісу арқылы өзгертуге жол беріледі.

7. ОТӨ тауарларын сатып алу

Мердігер немесе консорциум Ұлттық жоба шеңберіндегі жаңғырту және (немесе) салу шеңберінде ОТӨ тауарларын сатып алуды ҰЭМ-мен ЭМ-мен келісу бойынша құрылыс және өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган айқындаған Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасында жүзеге асырады.

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту шеңберінде пайдаланылатын импорттық өндірістің өнімін сатып алуға Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасында мұндай өнім түрлері болмаған не тауарларды жеткізуде ОТӨ-дан ұсыныс болмаған жағдайда ғана жол беріледі.

Бұл ретте Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасында жоқ тауарларды сатып алу, егер ТМС және (немесе) ЭӨҰ-мен мердігер немесе консорциум арасындағы шартта өзгеше көрсетілмесе және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, мердігерлердің немесе консорциумның қалауы бойынша жүргізіледі.

Жобаларды іске асыру шеңберінде ОТӨ қуаттарын жүктеу қамтамасыз етілетін болады.

Ол үшін жыл сайынғы негізде тұтынылатын тауарлар бойынша ОТӨ-мен ұзақ мерзімді шарттар жасалатын болады.

Ұзақ мерзімді шарттар жасасу инвестиция тарту, өндірісті дамыту және өнім сапасын арттыру мақсатында ОТӨ-нің өндірістік қызметін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Елішілік құндылықты дамыту бұған дейін өндірілмеген тауарлар өндірісін құруға бағытталған оптейк-келісімшарттар жасасу есебінен де қамтамасыз етілетін болады.

Офтейк-келісімшарттар есебінен ұйымдастырылған өндірістер Ұлттық жобаның электрондық сатып алу платформасы есебінен қуаттарды жүктеу арқылы қамтамасыз етіледі.

2-міндет. Цифрландырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мен салу жөніндегі жұмыстар аясында тұтынушыларды, энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылым объектілерін деректерді қашықтан беру функциясы бар есепке алу аспаптарымен (үйге ортақ есепке алу аспаптары) толық қамтуды қамтамасыз ету, газды, электр энергиясын, жылу энергиясын және сумен жабдықтауды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері (ЭКЕАЖ, ЖБЕАЖ, SCADA) мен технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің, сондай-ақ гидромодульдердің міндетті түрде болуы жөнінде шаралар қабылданады.

Түпкілікті тұтынушыларда дерек қашықтан берілетін есепке алу аспаптарын орнату жөніндегі жобалар толық аяқталғанға дейін (2 жылдан 5 жылға дейін) газды, суды, жылу мен электр энергиясын есепке алудың интеграцияланған бірыңғай ақпараттық жүйесінде механикалық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қабылдау функционалын іске асыру мүмкіндігін көздеу қажет.

Энергетика және су ресурстарының деректер қашықтан берілетін (телеметрия) ЕБА-мен жаратандыру мәселесін жүйелі шешу үшін халықаралық тәжірибе негізінде Ұлттық жоба шеңберіндегі жобалар үшін:

деректер қашықтан беру (телеметрия) есепке алу аспаптарына және олардың энергетика және су ресурстарын тұтынуды есепке алу жүйелеріне;

энергетика және су ресурстарын тұтынуды есепке алуды автоматтандыру сапасының (телеметриялы ЕБА жұмысы үшін байланыс қызметтері сапасының параметрлеріне);

қолданыстағы механикалық ЕБА қызмет ету мерзімін ұзартпай, міндетті түрде телеметриялы ЕБА-ны орнатуға;

ТМС-ның телеметриялы ЕБА-ны міндетті түрде "өндірістен тұтынуға дейін" орнатуына;

"өндірістен тұтынуға дейінгі" деректерді одан әрі интеграциялау үшін есепке алу жүйелеріне қойылатын бірыңғай талаптар айқындалатын болады.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға тиісті шығын бюджет және бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Мониторинг мақсатында Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын әрбір жобаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілетін болады.

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде суды, газды, жылу мен электр энергиясын есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнату рәсімдері регламенттеліп, кейіннен деректерді автоматтандырылған есепке алу жүйесіне берілетін болады.

Энергия тұтыну деңгейін талдау үшін инженерлік желілер бойынша МҚКҚ ААЖ және "Мемлекеттік энергетикалық тізілім" ААЖ интеграциясы қамтамасыз етіледі, сондай-ақ барлық процестерді цифрландыру жүргізіліп, суды, газды, жылу мен электр энергиясын есепке алудың интеграцияланған бірыңғай ақпараттық жүйесінің архитектурасын құру жөнінде шаралар қабылданады.

Сондай-ақ "EnergyTech"-пен (отын-энергетикалық кешенді басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі) интеграция қамтамасыз етіледі, онда энергия ресурстарын есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің және ТПБАЖ-дың деректері электрмен, жылумен, газбен, сумен жабдықтау, су бұру объектілерін нақты уақыт режимінде қашықтан мониторингілеудің "Watertech" жүйесін енгізу жөніндегі негізгі міндетпен мына параметрлер бойынша шоғырландырылатын болады:

энергетика және су жабдықтарының жай-күйі;

Қазақстан Республикасының бірыңғай су және энергетика жүйесінің жұмысы; босатылатын су, электр және жылу энергиясы параметрлерінің сақталуы; жөндеуді, инвестициялық бағдарламаларды және шекті тарифтерді жоспарлаудың, бекітудің және орындаудың ашықтығы;

от жағу кезеңіне дайындықтың және оның өтуінің мониторингі.

ТКШ бірыңғай платформасын іске асыру шеңберінде БТҚ енгізіліп, аудандар мен ауылдарға дейін тарату жоспарлануда, бұл коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді едәуір жеңілдетіп, оларды бір түбіртекке біріктіреді және жергілікті төлем жинау пункттеріне тәуелділікті азайтады.

БТҚ арқылы түскен қаражат қызмет көрсетушілер арасында автоматты түрде бөлінеді, бұл қателіктерді жоққа шығарады, сонымен қатар есеп-қисаптың ашықтығы есебінен тұтынушылардың сенімін арттырады.

ТМС үшін әкімшілік жүктеме азаяды, өйткені бөлек-бөлек түбіртек шығарып, шашыраңқы есеп жүргізу қажеттігі жойылады. Барлық деректер есептілік процестерін жеңілдететін бір жүйеге шоғырланады.

Ресурстарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі толық көлемде енгізілгеннен және барлық ТМС қамтылғаннан кейін "Smart Turmys" бірыңғай платформасы құрылады.

"Smart Turmys" мақсаты деректерді бір орталықта жинау, есепке алу, автоматтандыру, цифрландыру және талдау, сондай-ақ энергетикалық және коммуналдық секторлардағы ахуал туралы толық әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Осы платформа арқылы ӨҚМ Ахуалдық орталығының базасында Ұлттық жобаның іске асырылу мониторингі қамтамасыз етілетін болады.

Төмендегі міндеттерді іске асыру үшін Big Data негізінде біртіндеп "ақылды" басқару және болжау енгізілетін болады:

"Ақылды" тұтыну (энергия тиімділігін мониторингілеу және қамтамасыз ету арқылы ресурстарды тұтынуды оңтайландыру);

Ресурстарды "ақылды" басқару (ресурстарды автоматтандырылған жоспарлау, есепке алу және бақылау);

"Ақылды" инфрақұрылым (тозуды, авариялар мен шығындарды басқару).

Есепке алу деректерін жинауды цифрлауға уақыт қажет, бірақ перспективада ол қалалардан ауылдық елді мекендерге дейінгі барлық деңгейлерде ресурстарды (су, газ, электр және жылу) есепке алудың толық ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді. Дерек жинаудың автоматтандырылған жүйесі қолмен енгізу кезінде орын алатын қателерді жоққа шығарады және нақты уақыт режимінде ақпаратты жедел жаңартуды қамтамасыз етеді. Бұл ысырап пен рұқсатсыз тұтынуды анықтауға, ресурстарды жеткізуді оңтайландыруға және басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тұтынушылар үшін бұл жеке кабинеттер мен мобильді қосымшалар арқылы ағымдағы тұтынуды бақылауға мүмкіндік береді, мұның өзі шығынды бақылап, оларды азайту үшін шара қабылдауға септігін тигізеді.

2-бағыт. Энергетикалық және коммуналдық секторлардың инвестициялық тартымдылығын арттыру

3-міндет. Тұрақты және қолжетімді қаржыландыру тетігін құру

ТМС іріктеу өлшемшарттары

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тиімді қаржыландыру үшін ТМС мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1. Абоненттік база деңгейі:

- 1) бірінші деңгей – халық саны 550 мың тұрғыннан асады;
- 2) екінші деңгей – халық саны 100-ден 500 мың тұрғынға дейін;
- 3) үшінші деңгей – халық саны 50-ден 100 мың тұрғынға дейін;
- 4) төртінші деңгей – халық саны 50 мыңға тұрғынға дейін.

2. Меншік нысаны (мемлекеттік, жеке).

3. Қаржылық-тарифтік бейіні (тарифтерді көтеруге резервтің болуы, рентабельділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері, тұтынушылардың төлем қабілеттілігі).

4. ТМС активтерінің тозу деңгейі.

Іріктеу өлшемшарттарын ескергенде ТМС қаржыландыру тетіктері

ТМС Ұлттық жоба шеңберінде қаржыландырылған кезде мынадай тетіктер пайдаланылады:

1) ТМС-ны ЕДБ, ХҚИ, ӨДҚ және "ҚДБ" АҚ арқылы тікелей кредиттеу;

2) мемлекеттік ТМС-ны "ҚТК" АҚ арқылы ЖАО-ның МБҚ сатып алу тетігі есебінен қаржыландыру.

ЖАО-ның мемлекеттік қарыз алуы тиісті ЖАО-ның белгіленген борыш лимиттерінің және жергілікті бюджеттің тиісті ЖАО борышын өтеуге оған қызмет көрсетуге жіберілетін қаражатының көлемі шеңберінде жүзеге асырылады;

3) ЖАО арқылы бюджеттік кредиттеу;

4) ТМС қаржылық жай-күйінің қанағаттанарлықсыз болуы шартымен ТМС-ны ЖАО немесе ӘКК арқылы капиталдандыру;

5) синдикатталған қаржыландыру;

6) жеке ТМС-ның инфрақұрылымдық облигация шығаруы (инфрақұрылымдық облигация шығару "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан қор биржасында (KASE) бағалы қағаздар листингі мен айналысы қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) және "Астана" халықаралық биржасында (AIX) облигациялар бойынша ақпаратқа рұқсат беруді, айналымды және жария етуді реттейтін өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады);

7) ТМС-ны (көмір генерациясын) ӨДҚ арқылы лизингтік қаржыландыру есебінен қаржыландыру.

Қаржы операторы тиісті кезеңге бөлінген транш шеңберінде капитал нарығынан өзгермелі мөлшерлеме бойынша қаражат тартқан жағдайда ТМС қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қайта қаралуы мүмкін.

ХҚҰ арқылы тартылатын қаржыландыру олардың ішкі талаптарына сәйкес сатып алу және жобаларды қарау (іріктеу және бекіту) рәсімдері бөлігінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте Ұлттық жобаның барлық басқа ережелері мен талаптарын орындау міндетті болып қала береді.

Ұлттық жоба шеңберінде ТМС-ға қоса қаржыландыру немесе "ҚДБ" АҚ-мен және (немесе) ЕДБ-мен бірге ХҚҰ-ның синдикатталған қаржыландыруы тетіктері қолданылып кредит берілген жағдайда мердігерді (консорциумды) таңдау және тауарлар сатып алу рәсімдері тиісті ХҚҰ ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Ұлттық жобаның талаптарын міндетті түрде сақтауы қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, сатып алу МҚҰ ішкі талаптарына сәйкес жүзеге асырылса, барлық уәкілетті мемлекеттік органдарды, сондай-ақ техникалық оператор мен қаржы операторын алдын ала хабардар ету және олардың келісімін алу қажет.

Қаржыландыру тәсілдері

Қаржыландыру сараланған тәсіл негізінде жүзеге асырылатын болады. ТМС қаржыландыру тетігін айқындау жобаны іске асырудың орындылығын бағалап, өтінімдерді техникалық оператормен келісу және тарифтерге ықпалын ескере отырып, тарифтік реттеушінің мақұлдауы негізінде жүзеге асырылатын болады.

Қаржылық тұрақтылығы бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі және тарифті көтеруге резерві бар ТМС (ауқымды абоненттік базасының болуы, инвестициялардың қайтарымдылығы, тарифтің қалыпты өсуі) ЕДБ, ХҚИ және "ҚДБ" АҚ арқылы қаржыландырылады.

"ҚДБ" АҚ мен оның қарыз алушыларының қызметіне ESG қағидаттары белсенді енгізілетін ескерсек, ТМС-ны көмір генерациясына қаржыландыру жоққа шығарылады. ТМС-ны көмір генерациясына қаржыландыру ӨДҚ құралдары арқылы жүзеге асырылады.

ЖАО-ның қатысу үлесі бар ТМС ЖАО-ның "ҚТК" АҚ арқылы МБҚ сатып алуы тетігі есебінен, сондай-ақ ХҚИ қарыздарын тарту есебінен қаржыландырылады.

Қаржылық тұрақтылығы төмен және тариф көтеруге резерві төмен төртінші деңгейдегі ТМС (шағын абоненттік база және тұтынудың төмен көлемі, тарифтің күрт өсуі) қосымша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен ЖАО арқылы, сондай-ақ ЖАО немесе ӘКК арқылы ТМС капиталдандыру тетігі арқылы қаржыландырылады.

Егер тарифтік реттеуші орган қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 10 %-ын тарифпен жабудың мүмкін болмауына байланысты қорытынды бере алмаса (тарифке едәуір жүктеме салдарынан), борышты қайтару және оған қызмет көрсету бюджеттік кредит қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

ТМС тарифіне сумен жабдықтау және су бұру салалары бойынша қарыз қаражаты бойынша кемінде 10 %, жылу энергетикасы және электр энергетикасы салалары бойынша 10 %-ға дейін сыйақы қосылады, бұл ретте негізгі борышты қайтару тариф деңгейіне енгізіледі.

Қарыздар бойынша сыйақы ретінде ТМС төлейтін шығыстардың бір бөлігін өтеу жолымен ТМС-ны жеңілдікпен қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Ұлттық жоба шеңберінде ТМС-ның қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды пайдалану көзделген. Осылайша, пайыздық мөлшерлеме 10 %-дан асқан жағдайда айырма субсидиялау есебінен өтелетін болады. Бұл ретте қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеменің ең жоғары деңгейі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі шегінде (қарыз беру сәтінде қолданыста болатын) белгіленеді, үстеме 4 %-дан аспайды.

ТМС-ның тарифтік сметасындағы Ұлттық жоба шеңберіндегі қарыз қаражаты бойынша сыйақы мөлшерлемесі мен негізгі борышты уәкілетті органның ведомствосы шығындардың жеке бабымен көрсетілетін болады.

Сондай-ақ жобамен байланысты барлық шығыс ТМС-ның инвестициялық бағдарламаларында көрінетін болады.

Ұлттық қор қаражатын тарту қаржыландырудың баламалы көздері болмаған және (немесе) Бюджет кодексі мен МҚБТ-ға тиісті өзгерістер енгізілген кезде РБ-ға нысаналы трансферттер және (немесе) қаржы операторының облигацияларын сатып алу тетігі, ал қарыз беру үшін заңнамаға сәйкес нарықтық шарттарда қаржы операторының облигацияларын сатып алу жолымен БЖЗҚ қаражаты арқылы жүзеге асырылуы мүмкін

Тартылатын қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеменің сыйақы деңгейі Ұлттық Банктің ағымдағы кезеңге арналған базалық мөлшерлемесінің өзгеруіне және МБҚ табыстылығына байланысты түзетіледі, бұл тартылған қарыз бойынша РБ-дан субсидия қажеттігін болжайды.

Қаржы операторы БЖЗҚ, Ұлттық қор қаражатын өзгермелі мөлшерлеме бойынша тартқан кезде ТМС-мен қарыз шартында өзгермелі мөлшерлеме де белгіленеді.

Қаржы операторы БЖЗҚ, Ұлттық қор қаражатын белгіленген мөлшерлеме бойынша тартқан кезде ТМС-мен қарыз шартында тіркелген мөлшерлеме де белгіленеді.

Тетіктер бойынша қаржыландыру шарттары

1-тетік. ТМС-ны тікелей кредиттеу

ЕДБ немесе ХҚИ арқылы ТМС-ны тікелей кредиттеу қаржыландыру ұйымының шарттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

"ҚДБ" АҚ ТМС-ны капитал нарықтарында тартылатын түрлі көздер есебінен, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының (МҚБТ-ға сәйкес) қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде тартылған қаражатпен араластыру құқығымен өзге де көздер есебінен тікелей кредиттеуді ұсынатын болады.

"ҚДБ" АҚ ТМС-ны мынадай шарттармен қаржыландыратын болады:

1	Қаржыландыру ұйымдары	"ҚДБ" АҚ
---	-----------------------	----------

1	2	3
2	Қарыз алушы (лар)	ТМС
3	ТМС инвестициялық жобаларын іріктеудің негізгі өлшемшарттары	мыналар ТМС инвестициялық жобасын қаржыландырудың басым шарттары болып табылады: электрмен, жылумен жабдықтаудың (жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу) инженерлік желілерінің және жылу энергиясын өндіру кезінде іске қосылған активтердің 55 %-дан астам тозу көрсеткіші (техникалық оператордың қорытындысы негізінде); мемлекеттік сараптаманың қорытындысымен (бар болса) және ЖСҚ-мен расталған жобалық шешімдердің технологиялық және техникалық негізділігі; табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган ведомствосының қарыз алушы үшін тартылған қаражатқа мөлшерлес көрсетілетін

		коммуналдық қызметтер тарифінің жыл сайынғы өсімі туралы алдын ала келісу туралы хаты; техникалық оператордың оң қорытындысы; Ұлттық жоба шеңберінде көзделген қосымша талаптар
4	Қарыз сомасы	қаржыландыру ұйымының сараптама нәтижелері бойынша әрбір қарыз алушы үшін жеке айқындалады, кемінде 3 000 000 000 теңге
5	Ұлттық жоба шеңберінде қаржыландыру қолжетімді болатын кезең	жыл сайын, Ұлттық жобаның қолданылу кезеңінде
6	Қаржыландыру шеңберіндегі әрбір қарыздың мерзімі	20 жылға дейін; ТМС қарызының ең аз мерзімін ҰЭМ ТМРК тарифті көтерудің ықтимал деңгейіне сүйене отырып ("ҚДБ" АҚ индикативтік талдау жүргізгенге дейін) айқындайды
7	Қарыз валютасы	теңге
8	Қарыз бойынша жеңілдікті кезең	негізгі борыш бойынша жеңілдікті кезең 1 жылдан кем емес
9	Қарыз алушының өзінің қатысу мөлшері	мемлекеттік емес қарыз алушылар – жоба құнының 10 %-ынан кем емес
10	Қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесі	қаржыландыру ұйымы сараптамасының нәтижелері бойынша әрбір қарыз алушы үшін жеке айқындалады
11	Комиссиялар (қарызды (кредиттік желіні) ұйымдастырғаны үшін) және қаржыландыру шарттарының өзгеруі)	қолданылмайды
12	Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету	"ҚДБ" АҚ талаптарына сәйкес қамтамасыз етумен толық қамту, оның ішінде төменде көрсетілген екі өлшемшарттан кем емес: Ұлттық жобаны іске асыру кезінде жаңғыртылған және құрылған болашақ активтерді кепілге қою мүмкіндігімен жылжымалы/ жылжымайтын мүлік, оның ішінде жарғылық капиталға қатысу үлесі түрінде қамтамасыз ету; қарыз алушының шығыс операцияларының жасалуын бақылау туралы келісім шеңберінде қарыз алушының

		<p>агент-банктегі шотына (Scroll шот) түсетін ақша қаражаты;</p> <p>қарыз алушы акционерлерінің/ қатысушыларының және түпкілікті бенефициарларының кепілдіктері (мемлекеттік емес қарыз алушылар бойынша)</p>
13	Қарыз алушы тарапынан міндеттемелер	<p>қаржыландыру ұйымы, қарыз алушы және агент-банк арасында қарыз алушының шығыс операцияларының жасалуын бақылау туралы келісім жасасу, ол төмендегі шарттар қамтылады, бірақ олармен шектелмейді: агент-банктің қарыз алушының арнайы ағымдағы шотында қаржыландыру ұйымдары алдындағы қарыз алушының міндеттемелерін жыл сайынғы өтеу (негізгі қарыз, сыйақы, комиссия) сомасына төмендетілмейтін қалдығын кредиттік құрал беру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолдау міндеттемесі;</p> <p>қаржыландыру ұйымына жыл сайынғы негізде тұтынушылар тарапынан коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерінің орындалуының жылдық пайызы туралы ақпарат беру</p>
14	ҚР ҰЭМ/ ҰЭМ ТМРК тарапынан міндеттемелер	<p>көрсетілетін қызметтер тарифтерін қарыз алушының міндеттемелерін жабатын мөлшерін бекіту туралы бұйрық (тарифтердің қолданылу кезеңіне, негізгі борыш және сыйақы толық қайтарылғанға дейін өтпелі тарифтік кезеңдермен)</p>
15	Мониторинг	<p>жобалардың мониторингі қаржыландыру ұйымының ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады</p>
16	Қажетті ресурстар	<p>"ҚДБ" АҚ левереджінің ұлғаюына және қарыз алу сыйымдылығының төмендеуіне байланысты кредиттік рейтингінің төмендеуін болғызбау үшін "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, "ҚДБ" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту</p>

2-тетік. "ҚТК" АҚ арқылы ЖАО МБҚ сатып алу тетігі есебінен ТМС (мемлекеттік, коммуналдық және квазимемлекеттік секторға тиесілі) қаржыландыру

"ҚТК" АҚ ЖАО-ға капитал нарықтарында тартылатын түрлі көздер есебінен, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының (МҚБТ-ға сәйкес) қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде тартылған қаражатпен араластыру құқығымен өзге де көздер есебінен облигациялық қарыздар беретін болады.

Бұған қосымша "ҚТК" АҚ заңнамада белгіленген тәртіппен ESG қағидаттарында " жасыл" облигацияларды тарту мүмкіндігін қарайды.

МБҚ шығару кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган көздеген тиісті қаржы жылына арналған ЖАО борышының лимиті асып кеткен жағдайда қаржыландыру ТМС-ға тікелей кредиттеу тетігі арқылы жүзеге асырылады.

ЖАО МБҚ шығару көлемін болжау бюджетті жоспарлау және атқару саласындағы уәкілетті органдар көздеген тиісті қаржы жылына арналған борыш лимиті шегінде құрылыс, энергетика саласындағы уәкілетті органдармен және ЖАО-мен келісу бойынша жүзеге асырылады.

ЖАО шығарған МБҚ-ны "ҚТК" АҚ мынадай шарттармен сатып алатын болады:

1	Қаржыландыру ұйымдары	"ҚТК" АҚ
1	2	3
2	Қарыз алушы (лар)	ЖАО
3	Нысаналы мақсаты	бюджет заңнамасына сәйкес және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша
4	ЖАО үшін ТМС инвестициялық жобаларын іріктеу бойынша негізгі өлшемшарттар	ЖАО-ның Ұлттық жоба шеңберінде сумен, электрмен, жылумен жабдықтау (жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу) және су бұру жүйелерін жаңғырту мен салуды қажет етуі (техникалық оператордың қорытындысы негізінде); техникалық оператордың қорытындысымен расталған жобалық шешімдердің технологиялық және техникалық негізділігі; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның ең төменгі стандарттарын міндетті түрде қолдану;

		<p>ТМС мен табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның ведомствосы арасындағы тарифтің қолданылу кезеңіне көрсетілетін коммуналдық қызметтерге арналған тарифінің жыл сайынғы өсуі туралы келісім;</p> <p>тартылған қарыздар бойынша ЖАО сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін өтеуге қаражат бөлу туралы Республикалық бюджет комиссиясының шешімі;</p> <p>техникалық оператордың оң қорытындысы;</p> <p>Ұлттық жоба шеңберінде көзделген қосымша талаптар</p>
5	Облигациялық қарыз сомасы	бюджетті атқару және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен келісу бойынша құрылыс, энергетика саласындағы уәкілетті органның және ЖАО-ның бөлуіне сәйкес
6	Облигациялық қарыздың қолданылу мерзімі	<p>5 жылға дейін, 7 жылға дейін, 10 жылға дейін, 15 жылға дейін, бірақ ЖАО облигациялық қаржыландыру мақсаттары үшін "ҚТК" АҚ тартқан қарыз мерзімінен асырмай.</p> <p>Бұл ретте облигациялық қаржыландыру 10 (он) және 15 (он бес) жыл мерзімге арналған кезде қаржыландыру сомасының 25 %-ынан аспауға тиіс.</p> <p>Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге "ҚТК"АҚ-мен алдын ала келісу болған жағдайда ғана жол беріледі</p>
7	Облигацияларды шығару кезеңі	жыл сайын, Ұлттық жобаның қолданылу кезеңінде
8	Қарыз валютасы	теңге
		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 78 бұйрығымен бекітілген Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи

9	ЖАО алған қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемесі	монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36799 болып тіркелген) айқындалатын тәртіпте тартылған қарыздар бойынша ЖАО сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау мүмкіндігімен нарықтық жағдайларда айқындалады
10	Купон бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі	жылына 2 (екі) ретке дейін
11	Мониторинг	ЖАО ай сайынғы негізде ТМС-дан деректерді (қаражаттың игерілуі, құрылыс барысы және өзге де ақпарат туралы мәліметтер) алады және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен "ҚТК" АҚ ақпараттық жүйесіне деректер енгізуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте деректерді енгізу құрылыс кезеңінде де (қаражаттың игерілуі, құрылыс барысы және т.б. туралы мәліметтер), сондай-ақ пайдалану кезеңінде де қамтамасыз етіледі. ЖАО осы талапты орындамаған жағдайда "ҚТК" АҚ уәкілетті органмен келісу бойынша облигациялық қарыздарды одан әрі беруді шектейді
12	ЖАО жауапкершілігі	ЖАО "ҚТК" АҚ-мен жасалатын келісімдер шеңберінде шығарылған МБҚ бойынша "ҚТК" АҚ алдындағы міндеттемелердің, оның ішінде ТМС ЖАО-ның алдындағы міндеттемелерін орындай алмаған жағдайында толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді
		левередждің ұлғаюына және "ҚТК" АҚ қарыз алу сыйымдылығының төмендеуіне байланысты кредиттік рейтингтің төмендеуін болдырмау үшін кейіннен "ҚТК" АҚ жарғылық капиталын/кредиттеуді ұлғайтумен "Бәйтерек

"ҰИХ" АҚ жарғылық капиталын/кредиттеуді ұлғайту

ЖАО ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған жобалау-сметалық құжаттама бойынша жалпы құны шеңберінде шығыстардың бір бөлігін жергілікті бюджет қаражаты есебінен қоса қаржыландыруға құқылы.

ЖАО "ҚТК" АҚ алдында нарықтық шарттарда шығарылған МБҚ бойынша міндеттемелердің толық және уақтылы орындалуын, оның ішінде ТМС (коммуналдық және квазимемлекеттік секторға тиесілі) ЖАО алдындағы міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда қамтамасыз етеді.

Сарқынды суларды тазарту құрылыстары кешендерін, сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жүйелерін қаржыландыру (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жобалары мен көлемдерін келісуді ЖАО бюджетті жоспарлау және атқару саласындағы уәкілетті органдар көздеген тиісті қаржы жылына арналған борыш лимиті шегінде құрылыс саласындағы уәкілетті органның бөлуіне сәйкес жүзеге асырады.

Электрмен, жылумен жабдықтау (жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу) желілері мен жүйелерін қаржыландыру (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жобалары мен көлемдерін келісуді бюджетті жоспарлау және атқару саласындағы уәкілетті органдар көздеген тиісті қаржы жылына арналған борыш лимиті шегінде энергетика саласындағы уәкілетті органның бөлуіне сәйкес ЖАО жүзеге асырады.

ТМС (коммуналдық және квазимемлекеттік секторға тиесілі) мен табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның ведомствосы арасында көрсетілетін коммуналдық қызметтер тарифінің жыл

	<p>сайынғы өсуі туралы келісім тартылған қарыздар бойынша ЖАО сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауға қаражат бөлу туралы және (немесе) тариф қолданылатын кезеңге Республикалық бюджет комиссиясының шешімі болмаған жағдайда, ЖАО "ҚТК" АҚ алдындағы нарықтық шарттарда МБҚ шығарған міндеттемелердің толық және уақтылы орындалуын, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.</p> <p>МБҚ шығару тәртібі мен шарттарын ЖАО "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 271 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36181 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады</p>
--	---

3-тетік. Бюджеттік кредиттеу

Бюджеттік кредиттеу тарифті арттыру үшін резерві төмен ТМС үшін ЖАО арқылы, оның ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, өзге де ТМС, сондай-ақ объектілердің жеке меншіктен мемлекеттік меншікке берілуі ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады.

4-тетік. ЖАО немесе ӘКК арқылы ТМС-ның қаржылық жай-күйі қанағаттанарлықсыз жағдайында ТМС-ны капиталдандыру

ТМС жарғылық капиталына енгізу шағын қалаларда тарифті көтеру үшін резерві төмен немесе қарыздық жүктемесі жоғары қаржылық жағынан тұрақсыз ТМС үшін ЖАО немесе ӘКК арқылы жүзеге асырылатын болады (шағын абоненттік база және тұтыну көлемінің төмендігі, тарифтің күрт өсуі, төлем қабілеттілігінің төмендігі).

ЖАО-ның немесе ӘКК-нің жарғылық капиталға қатысу мөлшері кемінде 49 %, бұл қосымша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ТМС тұрақтылығын қолдауға мүмкіндік береді.

5-тетік. Синдикаттық қаржыландыру

Жобаларды синдикатталған қаржыландыру "ҚДБ" АҚ және Қазақстан Республикасының ЕДБ және (немесе) халықаралық қаржы институттары және (немесе)

синдикатқа қатысушылар болып табылатын өзге де ұйымдар бірлесіп қалыптастырған және ұсынатын синдикат шарттарында синдикатталған қарыздың бірыңғай шарты (қажет болған жағдайда оған қосымша және басқа да құжаттар) негізінде жүзеге асырылатын болады.

6-тетік. ТМС инфрақұрылымдық облигацияларын жеке сектордан сатып алуы

Жеке ТМС биржада Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына және тиісті қағидалар мен талаптарға сәйкес меншікті инфрақұрылымдық облигациялар шығаруды жүзеге асыратын болады.

Институционалдық және жеке инвесторларды қоса алғанда, өзге ұйымдар бұл облигацияларды биржада белгіленген айналым рәсімі арқылы сатып ала алады.

